АЙЫРТАУСКАЯ РАЙОННАЯ ГАЗЕТА

# Айыртауские зори

№ 31 (9052)

ЧЕТВЕРГ, 30 июля 2026 года

E-mail: airinfo@mail.ru http://airinfo.taplink.ws @airtauskiezori

12+

Цена - 120 тенге.

Газета издается с 1 июня 1932 года

## В селе Камсакты открылся пожарный пост

***27 июля в селе Камсакты (бывш. Карасевка) состоялось торжественное открытие пожарного поста, возведенного в рамках реновации подобных объектов. Современное депо позволит значительно сократить время прибытия огнеборцев к месту возможного возгорания и позволит оперативно реагировать на любые внештатные ситуации. Это важный шаг в развитии местной гражданской защиты на местном уровне и укреплении безопасности сельских населенных пунктов.***



В церемонии торжественного открытия приняли участие аким Айыртауского района М.Ж. Мендыбаев, заместитель начальника департамента по чрезвычайным ситуациям СКО Д.И. Растихин, председатель Айыртауского районного маслихата Г.А. Абулкаирова, председатель совета ветеранов Айыртауского района, почетный ветеран СКО С.Ш. Туралинов, житель села Камсакты К.К. Исмагулов. Выступающие отметили, что появление поста имеет ключевое значение не только для защиты сел округа от пожаров, но и для экологической безопасности, поскольку рядом находится КГУ «Лесное хозяйство «Орлиногорское».

В этот торжественный день аким района Мейрам Мендыбаев вручил благодарственные письма тем людям, которые принимали непосредственное участие в возведении этого важного объекта: техническому сотруднику Карасевской СШ Канату Омиржановичу Камзабаеву, водителю аппарата акима Камсактинского сельского округа Кайыртаю Толегеновичу Кусаинову, главному специалисту по развитию сельских территорий и работе с молодежью Камсактинского сельского округа Ермеку Еркебулановичу Шартанову, общественному работнику Камсактинского сельского округа Григорию Владимировичу Фомину.

Заместитель начальника департамента по чрезвычайным ситуациям СКО Дмитрий Растихин от лица областного руководства ДЧС выразил благодарность охранникам аппарата акима Камсактинского сельского округа: Амангельды Кубашевичу Алибекову, Сагату Жетписбаевичу Есенаманову, Нуржану Дауренбековичу Мукееву. Юбилейной медалью «К 25-летнему юбилею органов гражданской защиты Республики Казахстан» был награжден аким Камсактинского сельского округа Кайсар Калиевич Махметов. Также Дмитрий Иванович вручил Кайсару Махметову символический ключ от нового пожарного поста (на фото).

По доброй казахской традиции был проведен красивый обряд «Шашу», дающий старт всем добрым делам. А затем состоялась церемония торжественного перерезания красной ленты. Особую торжественность мероприятию придали концертные номера в исполнении Берикбола Дуйсенбая, Меруерт Зулкарнай, Еркина Нурбахтина и танцевальной группы Центра оказания социальных услуг детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.

Присутствующие на торжественной церемонии открытия нового пожарного поста гости, представители областного департамента по ЧС, жители села после официальной части с удовольствием осмотрели современное здание пожарного поста, его оснащение, комнаты для отдыха и приема пищи, санузел. И самое главное – теперь пожарная машина марки «Урал» находится в отапливаемом боксе и готова к выезду в любое время года.

Присутствующая на мероприятии председатель совета ветеранов Камсактинского сельского округа Татьяна Филипповна Шефер от лица сельчан поделилась со мной своим мнением по поводу открытия пожарного поста: «Мы, жители села Камсакты, очень довольны, что в нашем селе появился пожарный пост. Если раньше, не дай Бог, где-то происходил пожар или возгорание, то приходилось ждать машину из райцентра, а теперь у нас есть свой пожарный транспорт. И другим селам, которые расположены вокруг Камсакты, будет поддержка. Конечно, хочется, чтобы таких случаев не возникало, но открытие поста – очень важное событие для нас. Это гарантия нашей безопасности. В последние годы в селе наблюдаются положительные сдвиги, это нас очень радует. При этом хочется поблагодарить акима района М.Ж. Мендыбаева, акима Камсактинского сельского округа К.К. Махметова за те хорошие изменения, что происходят сейчас».

Для наших читателей отметим, что в этом году в нашей стране будут открыты 220 новых пожарных постов, из них 20 – в Северо-Казахстанской области, в том числе 4 – только в нашем районе. Начато строительство нового пожарного поста в Гусаковке; по программе реновации возведение подобных объектов, кроме Камсакты, идет в Лобаново и Сырымбете.

**Ирина БУРКОВСКАЯ.**
**Фото автора.**




## Голосование за рубежом

***23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.***

В списки избирателей на избирательных участках при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах включаются все граждане, проживающие или находящиеся в длительной заграничной командировке в соответствующем иностранном государстве и имеющие действительный паспорт гражданина Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, прибывшие в иностранные государства по частным приглашениям, в служебные, деловые и туристические поездки, при их обращении в участковую избирательную комиссию и при наличии у них действительного паспорта гражданина Республики Казахстан включаются в списки избирателей.

Голосование может быть объявлено законченным в любое время, если проголосовали все избиратели, включенные в список.

Список избирательных участков при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах доступен на интернет-ресурсах Министерства иностранных дел и Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.

Голосуй за обновление!

**Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.**



## В Антоновке обсудили актуальные вопросы развития животноводства

***24 июля в селе Антоновка Айыртауского района состоялась региональная научно-консультационная встреча в рамках проекта «AGROҚОЛДАУ-2026», в которой приняли участие руководители и специалисты агроформирований и животноводческих хозяйств Айыртауского, Есильского районов и района имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области.***



Главной темой встречи стали инновационные решения в животноводстве, современные технологии, кормопроизводство и вопросы ветеринарной безопасности. Программа мероприятия была насыщенной и включала как практическую, так и теоретическую части.

Участники начали работу с посещения молочно-товарной фермы ТОО «Борисфен», где познакомились с современной сельскохозяйственной техникой и процессами организации кормовой базы. Особое внимание было уделено правильной заготовке и хранению кормов, напрямую влияющих на продуктивность животных.

Затем специалисты выехали в поле, где была продемонстрирована работа системы дождевального орошения и искусственного резервуара для накопления воды. Сегодня рациональное использование водных ресурсов и внедрение современных технологий полива становятся важными составляющими эффективного ведения сельского хозяйства, особенно в условиях изменяющегося климата.

После практической части участники продолжили работу в формате пленарного заседания. Модератором встречи выступил председатель правления ТОО «СевКазНИИСХ» Алтынбек Тагайбекович Абдулаев.

С приветственным словом к присутствующим обратился аким Айыртауского района Мейрам Жаксылыкович Мендыбаев, отметивший важность подобных встреч для обмена опытом, внедрения современных технологий и дальнейшего развития агропромышленного комплекса региона.

В ходе теоретической части участники прослушали ряд специализированных докладов. Доктор ветеринарных наук Бауржан Авганович Курманов представил тему профилактики заболеваний телят, рассказав о современных подходах к сохранению здоровья молодняка.

Специалист компании LabTraid, официальный представитель завода FOSS Рустам Ермекович Кабдулов познакомил присутствующих с возможностями инфракрасного анализа в животноводстве, который позволяет быстро и точно определять качество кормов и повышать эффективность работы хозяйств.

О влиянии качества кормов на продуктивность сельскохозяйственных животных рассказал старший научный сотрудник ТОО «СевКазНИИСХ», магистр зоотехнии Аслан Мурзабекович Тлегенов. В своем выступлении он подробно остановился на значении сбалансированного кормления как одного из ключевых факторов успешного развития животноводства.

Завершилась встреча обсуждением актуальных вопросов, обменом мнениями между специалистами и подведением итогов с вручением сертификатов участникам.

Проект «AGROҚОЛДАУ-2026» остается важной площадкой для профессионального общения представителей аграрной отрасли. Подобные мероприятия позволяют сельхозтоваропроизводителям знакомиться с современными разработками, перенимать успешный опыт коллег и внедрять эффективные решения в работу своих хозяйств, что, в конечном итоге, способствует развитию животноводства Северо-Казахстанской области.

**Аида ИЛЬЯСОВА.**
**Фото автора.**

# Профилактика правонарушений – на особом контроле

***28 июля в большом зале акимата под председательством прокурора района Нурканата Болатовича Турсынбекова состоялось межведомственное рабочее совещание, посвященное анализу криминогенной ситуации и принимаемым мерам по профилактике правонарушений на территории района.***



В ходе совещания были рассмотрены итоги работы правоохранительных органов и субъектов профилактики за первое полугодие текущего года. Отмечено, что по итогам шести месяцев в Айыртауском районе удалось добиться снижения общего уровня преступности, что свидетельствует о результативности проводимой профилактической работы и взаимодействия государственных органов.

Вместе с тем, участники совещания обратили внимание на рост отдельных видов правонарушений. В этой связи прокурором района поставлены конкретные задачи перед уполномоченными органами по усилению профилактической деятельности, своевременному выявлению причин и условий, способствующих совершению преступлений, а также повышению эффективности межведомственного взаимодействия.

Особый акцент был сделан на необходимости активизации реализации проектов «Айқын нәтиже» и «Саналы ұрпақ», направленных на предупреждение правонарушений и формирование законопослушного поведения среди населения.

По итогам совещания всем субъектам профилактики поручено усилить работу по предупреждению правонарушений, активнее взаимодействовать с населением, своевременно реагировать на проблемные вопросы и принимать исчерпывающие меры по обеспечению общественной безопасности. Отдельное внимание поручено уделить профилактической работе в сельских округах.

**Жанара КУДАЙБЕРГЕНОВА.**
**Фото автора.**

# Объявление

ТОО «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг), в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1.Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «Плану горных работ отработки месторождения комплексных руд с оловом и другими ценными сопутствующими элементами Сырымбет в Северо-Казахстанской области».

2.Территория воздействия: Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область, Айыртауский район. Площадь лицензионной территории составляет 10,148 км². Координаты центра участка месторождения Сырымбет: 53°31’54,82” с. ш., 68°13’54,41” в. д. Координаты центра расположения вахтового поселка, автодороги и водовода: 53°30’54,48” с. ш., 68°18’43,84” в. д.

3. Общественные слушания состоятся 10 и 11 сентября 2026 года в Айыртауском районе Северо-Казахстанской области:

10.09.2026 года в 11:00 ч. по адресу: Антоновский сельский округ, с. Лавровка, ул. Центральная, 9, КГУ «Лавровская средняя школа»;

11.09.2026 года в 11:00 ч. по адресу: Сырымбетский сельский округ, с. Сырымбет, ул. Школьная, 2, КГУ «Сырымбетская средняя школа».

Для жителей сел Сарыбулак и Шолакозек будет организована доставка автобусами к месту проведения общественных слушаний в селе Сырымбет. Отправление из села Шолакозек в 09:00 час., отправление из села Сарыбулак - в 09:30 часлв.

Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылке: https://solidcore-resources.zoom.us/j/92344411327?pwd=a9SklV9fDlkHc6Q9JXRlsWvZNNEDKx.1; Идентификатор конференции: 923 4441 1327; код доступа 402239.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

4.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг). Адрес: Северо-Казахстанская обл., Айыртауский район, промышленная зона Сырымбет, строение 1. БИН: 070640008980, тел./факс: +7 777 110 67 45, e-mail: DobrovolskiiPA@solidcore-resources.kz.

5. Разработчик: ТОО «Solidcore Resources Engineering» (Государственная лицензия № 02877Р от 31.01.2025 г., выдана РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля МЭиПР РК»). Адрес: г. Астана, Конаева, 10, 4 этаж, БИН – 071040004710. Тел./факс: +7 (7172) 610 222 455, e-mail: ShaimerdinovaAB@solidcore-resources.kz.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Северо-Казахстанской области».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по адресам: ТОО «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг). Контактный телефон/факс: +7 777 110 67 45, e-mail: DobrovolskiiPA@solidcore-resources.kz или ТОО «Solidcore Resources Engineering». Тел/факс: +7 (7172) 610 222 455. Электронный адрес: ShaimerdinovaAB@solidcore-resources.kz.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на портале https://ndbecology.gov.kz/, также по адресу: Республика Казахстан, 150008, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, ул. Парковая, 57в, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Северо-Казахстанской области», e-mail: a.sapozhnikova@sko.gov.kz, dpr@sko.gov.kz, тел: 8 (7152) 53-36-38.

# Рост на государственной службе, принцип меритократии

***Развитие принципов меритократии остается одним из приоритетных направлений реформирования государственной службы.***

Сегодня в государственных органах области работают около 4 тысяч служащих. При этом кадровый корпус отличается высоким уровнем образования: подавляющее большинство сотрудников имеют высшее образование, многие - два и более диплома. В системе также представлены выпускники Академии государственного управления, программы «Болашақ», участники Президентского молодежного кадрового резерва и специалисты с зарубежным опытом обучения и стажировок. Это подтверждает, что государственная служба становится площадкой для привлечения подготовленных и мотивированных профессионалов.

Новый Закон «О государственной службе Республики Казахстан», вступивший в силу 1 июля 2026 года, придал дополнительный импульс развитию принципов меритократии. Ключевыми направлениями новой редакции закона стали внедрение клиентоориентированного подхода в деятельность государственных органов, повышение профессионализма государственного аппарата, совершенствование механизмов карьерного роста и широкая цифровизация кадровых процессов.

Важную роль в обновлении кадрового потенциала региона играет Региональный кадровый резерв. Проект направлен на выявление, подготовку и продвижение талантливых молодых специалистов. Северо-Казахстанская область является одним из регионов, где данная инициатива демонстрирует высокую эффективность. По итогам реализации проекта в кадровый резерв были зачислены 19 специалистов, более половины из которых уже назначены на руководящие должности в государственных органах.

Одним из наиболее значимых шагов по укреплению принципов меритократии стало расширение возможностей для талантливой молодежи при поступлении на государственную службу. Выпускники казахстанских вузов, завершившие обучение по программам высшего и (или) послевузовского образования с GPA не ниже 3,33, получили право поступать на низовые государственные должности без прохождения конкурсного отбора. Аналогичные возможности предусмотрены для выпускников Академии государственного управления, которым предоставлено право внеконкурсного назначения на руководящие должности. Уже сегодня эти нововведения дают ощутимые результаты: десятки молодых специалистов начали свою профессиональную деятельность в государственных органах области, а действующие государственные служащие, успешно окончившие Академию, получили назначения на вышестоящие должности.

Особое значение в реализации принципов меритократии имеет карьерное продвижение действующих государственных служащих. Так, по итогам первого полугодия 2026 года в Северо-Казахстанской области более 60% назначений по результатам внутренних конкурсов были осуществлены за счет продвижения сотрудников с нижестоящих должностей. Это свидетельствует о том, что профессионализм, эффективность работы и накопленный опыт становятся определяющими факторами карьерного роста.

Таким образом, меритократия сегодня является не просто одним из базовых принципов государственной службы, а фундаментом ее дальнейшего развития. Современные законодательные механизмы обеспечивают объективный отбор кадров, создают равные возможности для профессионального роста и повышают ответственность государственных служащих за результаты своей деятельности.

**Г. СУЕНДЫКОВА,**
**главный специалист**
**Управления**
**государственной службы**
**ДАДГС по СКО.**

# Новые основания для лишения водительских прав введут в Казахстане с 25 августа



***К существующим сейчас причинам для прекращения права управления водителя ТС добавятся еще два основания, пишет Zakon.kz. Речь идет о непрохождении медосмотра раз в два года по достижении 65 лет и лицами с инвалидностью. Также не будет помехой для лишения прав и закрытие уголовного дела.***

Продолжаем рассматривать новые нормы, регулирующие ПДД, которые вступают в силу 25 августа 2026 года. Речь идет о Законе РК от 24 июня 2026 года № 326-VIII «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам цифровизации, защиты персональных данных, дорожного движения и регулирования передовых технологий на транспорте».

Среди прочего поправками в Закон РК «О дорожном движении» добавляется еще два основания для прекращения права на управление транспортными средствами. Напомним, данные основания перечислены в пункте 1 статьи 75 Закона:

истечение установленного срока действия водительского удостоверения;

ухудшение здоровья водителя, препятствующее безопасному управлению ТС, подтвержденное медицинским заключением; досрочное направление водителя механического ТС на повторный медицинский осмотр является основанием приостановления права управления;

несдача экзамена для проверки знания правил дорожного движения в течение двух месяцев со дня получения постановления о направлении водителя на проверку знания правил дорожного движения;

лишение права (вследствие правонарушения) на управление ТС;

выдача водительского удостоверения в нарушение правил подготовки водителей механических ТС, приема экзаменов и выдачи водительских удостоверений.

Так вот, перечень дополнен пп. 2-1):

**«Отсутствие сведений о лицах, допущенных по медицинским показаниям либо имеющих медицинские противопоказания к управлению механическим ТС, указанных в подпункте 2) пункта 5 статьи 29 настоящего Закона, в цифровой системе в сфере дорожного движения с доступом пользователей уполномоченных органов».**

Уточним, что в вышеупомянутом пп. 2) пункта 5 статьи 29 Закона речь идет о водителях, **достигших 65-летнего возраста**, и водителях с **инвалидностью**, которые должны проходить повторный медосмотр через **каждые два года**.

Однако сейчас на практике непрохождение повторного техосмотра само по себе не влечет лишения водительских прав (будем использовать это привычное сочетание, хотя, строго говоря, лишают права управления ТС только в качестве дополнительного наказания за правонарушение, в остальных случаях право прекращается).

Поэтому дополнения также вносятся в пункты 3 и 4 статьи 29 Закона, обязывающие вносить в автоматизированную базу данные не только о лицах, допущенных по медицинским показаниям к управлению механическими ТС, но и сведения о лицах, имеющих **противопоказания**.

Все вместе эти новеллы образуют новый порядок, при котором водители с инвалидностью (любой группы), а также водители 65 лет и старше, которые не пройдут необходимый для них каждые два года медосмотр, автоматически лишаются прав.

Причем «автоматически» – это еще одно нововведение. Если быть точным, поправка звучит так:

**«Слова «3) и 5) настоящего пункта, осуществляется по решению суда в порядке, предусмотренном гражданским процессуальным законодательством РК, по иску уполномоченного органа (должностного лица)» заменить словами «2-1), 3), 4-1) и 5) настоящего пункта, осуществляется в порядке, определяемом уполномоченным органом».**

Это значит, что если до 25 августа 2026 года право управления ТС прекращал суд, то после вступления в силу данных поправок – МВД. А поскольку данные о медицинских противопоказаниях войдут в автоматизированную базу, то и порядок станет алгоритмическим.

Другое новое основание (пп. 4-1) – «освобождение от уголовной ответственности за управление ТС в состоянии опьянения на основании пунктов 3), 4), 9), 10) и 12) части первой статьи 35 или статьи 36 Уголовно-процессуального кодекса РК».

Речь о том, что в некоторых случаях уголовные дела должны быть прекращены в силу обстоятельств, скажем так, экстраординарных: по амнистии, за истечением срока давности, вследствие иммунитета от уголовного преследования (пп. 10) части 1 статьи 35 УПК) и т.п. Т.е. человек совершил ДТП, будучи пьяным – и это доказанный факт, но дело прекращено. А нет дела, то, соответственно, нет и уголовной ответственности.

До сих пор в связи с этим нарушителю (который формально уже не нарушитель) возвращали и право на управление ТС, по новым правилам – только через 8 лет, после медосмотра и экзамена на знание ПДД (новый пп. 5) в пункт 2 статьи 75 Закона.

Айыртау аудандық газеті
# Айыртау ТАҢЫ
№ 31 (1466)
БЕЙСЕНБІ, 30 шілде 2026 жыл
Эл. пошта: aiyrtau_tany@inbox.ru Сайт: http://az.ivest.kz http://airinfo.taplink.ws
Бағасы 120 теңге

## Қамсақты ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті ашылды



***27 шілде күні Айыртау ауданының Қамсақты ауылында (бұрынғы Карасевка) жаңғырту бағдарламасы аясында салынған өрт сөндіру бекетінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Заманауи үлгідегі жаңа нысан өрт сөндірушілердің оқиға орнына жету уақытын барынша қысқартып, төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл жергілікті азаматтық қорғау жүйесін дамытудағы және ауылдық елді мекендердің қауіпсіздігін нығайтудағы маңызды қадам.***

Салтанатты шараға Айыртау ауданының әкімі М.Ж.Меңдібаев, Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Д.И.Растихин, Айыртау аудандық мәслихатының төрайымы Г.А.Әбілқайырова, Айыртау аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Солтүстік Қазақстан облысының құрметті ардагері С.Ш.Тұралинов және Қамсақты ауылының тұрғыны Қ.Қ.Исмағұлов қатысты.

Шара барысында сөз сөйлегендер жаңа өрт сөндіру бекетінің ашылуы округке қарасты ауылдарды өрттен қорғаумен қатар, маңайда орналасқан «Орлиногор орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынанда ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Аудан әкімі Мейрам Меңдібаев маңызды нысанның құрылысына тікелей атсалысқан азаматтарға Алғыс хаттар табыстады. Олардың қатарында Карасевка орта мектебінің техникалық қызметкері Қанат Өміржанұлы Қамзабаев, Қамсақты ауылдық округі әкімі аппаратының жүргізушісі Қайыртай Төлегенұлы Құсайынов, ауылдық аумақтарды дамыту және жастармен жұмыс жөніндегі бас маман Ермек Еркебұланұлы Шартанов және қоғамдық жұмысшы Григорий Владимирович Фомин бар.

Солтүстік Қазақстан облысы Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Дмитрий Растихин облыстық департамент басшылығының атынан Қамсақты ауылдық округінің күзетшілері Амангелді Құбашұлы Әлібековке, Сағат Жетпісбайұлы Есенамановқа және Нұржан Дәуренбекұлы Мүкеевке алғыс білдірді.

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғау органдарының 25 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен Қамсақты ауылдық округінің әкімі Қайсар Қалийұлы Махметов марапатталды. Сондай-ақ Дмитрий Растихин жаңа өрт сөндіру бекетінің символикалық кілтін Қайсар Махметовке табыстады.

**Соңы 2 бетте.**




## Шетелде дауыс беру

***2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.***

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

**Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.**

## Мал шаруашылығын дамыту мәселелері талқыланды

***24 шілде күні Айыртау ауданының Антоновка ауылында «AGROҚОЛДАУ-2026» жобасы аясында өңірлік ғылыми-консультациялық кездесу өтті. Іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау, Есіл және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарындағы агроқұрылымдар мен мал шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары және мамандары қатысты.***



Кездесудің негізгі тақырыбы мал шаруашылығындағы инновациялық шешімдер, заманауи технологиялар, жемшөп өндірісі және ветеринариялық қауіпсіздік мәселелері болды. Бағдарлама практикалық және теориялық бөлімдерден тұрды.

Алдымен қатысушылар «Борисфен» ЖШС-нің сүт-тауар фермасына барып, заманауи ауыл шаруашылығы техникасының жұмысымен және жемшөп базасын ұйымдастыру үдерісімен танысты. Мал өнімділігіне тікелей әсер ететін жемшөпті сапалы дайындау мен дұрыс сақтау мәселесіне ерекше назар аударылды.

Одан кейін мамандар егістік алқабына барып, жаңбырлатып суару жүйесі мен суды жинақтауға арналған жасанды су қоймасының жұмысын көрді. Бүгінде су ресурстарын ұтымды пайдалану және заманауи суару технологияларын енгізу, әсіресе климат өзгерісі жағдайында, ауыл шаруашылығын тиімді жүргізудің маңызды тетіктерінің біріне айналып отыр.

Практикалық бөлімнен кейін жиын пленарлық отырыс форматында жалғасты. Кездесуді «СевКазНИИСХ» ЖШС басқарма төрағасы Алтынбек Тағайбекұлы Абдулаев жүргізді.

Жиынға қатысушыларды Айыртау ауданының әкімі Мейрам Жақсылықұлы Меңдібаев құттықтап, мұндай кездесулердің тәжірибе алмасу, озық технологияларды енгізу және өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудағы маңызына тоқталды.

Теориялық бөлім барысында бірқатар арнайы баяндамалар тыңдалды. Ветеринария ғылымдарының докторы Бауыржан Ауғанұлы Құрманов бұзаулар ауруларының алдын алу мәселесін қозғап, төлдің саулығын сақтаудың заманауи тәсілдері жөнінде баяндады.

LabTraid компаниясының маманы, FOSS зауытының ресми өкілі Рустам Ермекұлы Қабдулов инфрақызыл талдау әдісінің мал шаруашылығындағы мүмкіндіктерін таныстырды. Бұл технология жемшөп сапасын жедел әрі дәл анықтауға, шаруашылық жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ал «СевКазНИИСХ» ЖШС-нің ғылыми аға қызметкері, зоотехника магистрі Аслан Мұрзабекұлы Тілегенов жемшөп сапасының ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігіне әсері туралы баяндама жасады. Ол теңгерімді азықтандырудың мал шаруашылығын табысты дамытудың негізгі факторларының бірі екеніне жан-жақты тоқталды.

Кездесу өзекті мәселелерді талқылаумен, мамандардың пікір алмасуымен және қатысушыларға сертификаттар табыстаумен қорытындыланды.

«AGROҚОЛДАУ-2026» жобасы аграрлық сала өкілдерінің кәсіби тәжірибе алмасуына арналған маңызды алаң болып қала береді. Осындай іс-шаралар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге заманауи әзірлемелермен танысуға, әріптестерінің озық тәжірибесін игеруге және тиімді шешімдерді өз шаруашылықтарына енгізуге әрі Солтүстік Қазақстан облысында мал шаруашылығы саласының одан әрі дамуына серпін береді.

**Аида ИЛЬЯСОВА.**

# Тазалық жұмыстары жалғасуда

***Көгалдандыру және абаттандыру жөніндегі үш айлық аяқталғанымен, аудан орталығы мен ауылдық елді мекендерді абаттандыру жұмыстары жалғасуда.***

25 шілде күні Саумалкөл ауылында Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында кезекті сенбілік өтті.

Сенбілікке Айыртау ауданы әкімі аппаратының, аудандық полиция бөлімінің, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің, сондай-ақ өздеріне бекітілген аумақтарда жұмыс жүргізген өзге де аудандық бөлімдердің ұжымдары қатысты.

Жерлестерімен бірге тазалық жұмыстарына Айыртау ауданының әкімі Мейрам Жақсылықұлы Мендібаев та қатысып, игі бастамаларға дәстүрлі түрде жеке өзі қолдау көрсететінін тағы бір мәрте көрсетті.

Аудан әкімдігі аппаратының, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, сондай-ақ басқа да бөлімдердің қызметкерлері ЖДС №20 және ЖДС №21 тұрғын үйлерінің қарсы бетіндегі саябақ аумағында тазалық жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, аумақ қоқыстан тазартылып, шөп шабылып жиналды, ағаштардың қураған бұтақтары кесіліп және діңдері әктелді.

Тазалық пен тәртіп әр азаматтың өзінен басталады. Тұрғындар мен еңбек ұжымдарының бірлескен еңбегінің арқасында Айыртау ауданы күн өткен сайын көркейіп, таза әрі жайлы мекенге айналып келеді.

**Аида ИЛЬЯСОВА.**

# Алғыс білдіремін

Айыртау ауданының әкімі Мейрам Жақсылықұлы Мендібаевқа тұрғындардың өтініштеріне назар аударып, мәселемізді оң шешілуіне қолдау көрсеткені үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Ұзақ уақыт бойы біздің үйге баратын жолдың жағдайы көңіл көншітпей, тұрғындарға едәуір қолайсыздық туғызды. Менің өтінішімнен кейін бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Жедел қабылданған шаралардың нәтижесінде жол мәселесі оң шешімін тауып, тұрғындардың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасалды.

Осы игі іске атсалысқан аудан әкімі МейрамЖақсылықұлы Мендібаевқа және барлық жауапты мамандарға шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Тұрғындардың өтініштері назарға алынып, нақты нәтижесін беріп жатқанын көру біз үшін үлкен қуаныш.

Баршаңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық және ауданымыздың өркендеуі жолындағы жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Ел игілігі жолындағы жауапкершіліктеріңіз бен жанашырлықтарыңыз үшін рақмет!

**Нина Шатохина.**

# Қазақстанның ветеринариялық қызметін дамытуға шамамен 145 млрд теңге бағытталады

***Қазақстанның ветеринариялық қызметін дамытуға шамамен 145 млрд теңге бағытталады***

Қазақстанда 2030 жылға дейін ветеринария саласын жаңғыртуға 144,9 млрд теңге бағытталады. Қаражат ветеринарлық қызметті дамытудың Кешенді жоспарында қарастырылған, деп ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі хабарлады.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы Қазбек Тәшімов атап өткендей, 2026-2027 жылдары ветеринариялық қызметтің материалдық-техникалық қорын нығайтуға 66,2 млрд теңге бөлінеді. Бұл қаражатқа 2,4 мыңға жуық ветеринариялық нысан салу жоспарлануда, бұл өңірлерде ветеринариялық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы министрлігі саланы цифрландыруды жалғастырады. Ведомство ақпараттық жүйелерді жетілдіреді, экспорт кезінде жануарлардың карантинін автоматтандырады және мал шаруашылығы



өнімдерін қадағалау жүйесін дамытады.

Мал сою орындары өлекселерді штрих-кодпен таңбалауды енгізуді жоспарлап отыр, ал тамақтандыру мекемелері «Ветеринариялық-санитариялық тексеру» модуліне қосылады. Ветеринария бойынша ұлттық анықтамалық орталық жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, эпизоотикалық жағдайларды болжау жүйесін де әзірлеуде.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың арқасында Қазақстан Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының аусыл, африкалық жылқы обасы, классикалық және африкалық шошқа обасы, сондай-ақ құс тұмауы сияқты бірқатар аса қауіпті аурулар бойынша халықаралық мәртебесін растады.

«Бүгінгі таңда ветеринарлық қызмет туындайтын қауіп-қатерлерге жедел ден қойып қана қоймай, оларды болжап, аурулардың таралуының алдын алып, отандық мал шаруашылығын сенімді қорғауды қамтамасыз етуі тиіс», - деді ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров.

Министр мемлекеттік ветеринариялық бақылауды күшейтуді, Кешенді жоспарды іске асыруды жеделдетуді және кейіннен ЕАЭО елдері мен басқа да шетелдік әріптестердің цифрлық платформаларымен интеграциялана отырып, ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуді тапсырды.

Біздің парақшамыздан Қазақстандағы агробизнестің соңғы жаңалықтарын бірінші болып біліп отырыңыз Facebook, арнада Telegram, бізге жазылыңыз Instagram немесе біздің пошталық жіберу.

**Казбек ТАШИМОВ.**
**Eldala.kz**

# Алғысым шексіз

Айыртау аудандық полиция бөлімі криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Дінбар Едігенұлы Сармановқа шынайы ризашылығым мен зор алғысымды білдіремін!

Мен үшін, I топтағы мүгедектігі бар адам ретінде, ұялы телефонымнан айырылу үлкен қиындық болды. Өйткені сол шағын құрылғыда менің жақындарыммен байланысым, қажетті байланыс нөмірлері, маңызды ақпараттарым, бір сөзбен айтқанда, күнделікті өмірімнің ажырамас бөлігі сақталған. Телефонсыз өзімді өте қолайсыз әрі алаңдаулы сезіндім.

Мен полиция қызметкерлерінен көмек сұрап таңертең жүгінген едім. Сол күні кешке Дінбар Едігенұлының кәсібилігінің, жедел әрекетінің және азаматтарға деген жанашырлығының арқасында мәселем оң шешімін тауып, жоғалған телефоным табылды.

Сізге адал қызметіңіз, жауапкершілігіңіз, адамгершілігіңіз бен көмегіңіз үшін шын жүректен алғыс айтамын. Еңбегіңізге толағай табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілеймін!

**Ирина Деревенская,**
**I топтағы мүгедектігі бар азаматша.**

# Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг) ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «Солтүстік Қазақстан облысындағы Сырымбет қалайы және басқа да құнды ілеспе элементтері бар кешенді кен орнын игерудің тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп.

2.Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы. Лицензиялық аумақтың жалпы ауданы 10,148 км². Сырымбет кен орны учаскесі орталығының координаттары: 53°31′54,82″ с.е., 68°13′54,41″ ш.б. Вахталық кенттің, автомобиль жолының және су құбырының орналасу орталығының координаттары: 53°30′54,48″ с.е., 68°18′43,84″ ш.б.

3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 10-11 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында келесі мекенжайларда өтеді:

10.09.2026 сағат 11:00-де Антоновка ауылдық округі, Лавровка ауылы, Центральная көшесі, 9, «Лавровка орта мектебі» КММ;

11.09.2026 сағат 11:00-де Сырымбет ауылдық округі, Сырымбет ауылы, Мектеп көшесі, 2, «Сырымбет орта мектебі» КММ.

Сарыбұлақ және Шолақөзек ауылдарының тұрғындары үшін Сырымбет ауылындағы қоғамдық тыңдаулар өтетін орынға автобустармен жеткізу ұйымдастырылады. Шолақөзек ауылынан сағат 09:00-де жолға шығу, Сарыбұлақ ауылынан сағат 09:30-да жолға шығу.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: : https://solidcore-resources.zoom.us/j/923444113 27?pwd=a9SklV9fDlkHc6Q9JXRlsWvZNNEDKx.1 Конференция идентификаторы: 923 4441 1327; кіру коды: 402239.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысымен байланысыңыз.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг) ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Айыртау ауданы, Сырымбет өнеркәсіптік аймағы, 1-құрылыс. БСН: 070640008980, тел./факс: +7 777 110 67 45. E-mail: DobrovolskiiPA@solidcore-resources.kz

5. Жоба әзірлеуші: «Solidcore Resources Engineering» ЖШС (2025 жылғы 31 қаңтардағы № 02877Р мемлекеттік лицензияны «ҚР Э және ТРМ экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ берген). Мекен-жайы: Астана қ., Қонаев к-сі, 10, 4 қабат, БСН – 071040004710. Тел/факс: +7 (7172) 610 222 - 455, электрондық пошта: ShaimerdinovaAB@solidcore-resources.kz

6. Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ порталында, сондай-ақ ЖАО «Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» КММ сайтында танысуға болады.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Tin One Mining» (Тин Уан Майнинг) ЖШС. Байланыс тел: +7 777 110 67 45, e-mail: DobrovolskiiPA@solidcore-resources.kz және «Solidcore Resources Engineering» ЖШС. Тел/факс: +7 (7172) 610 222 - 455. Электрондық пошта: ShaimerdinovaAB@solidcore-resources.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz/ порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша: Қазақстан Республикасы, 150008, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Парк к-сі, 57в, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, a.sapozhnikova@sko.gov.kz, dpr@sko.gov.kz тел: 8 (7152) 53-36-38.

# Өрт қаупі жоғары кезеңде ірі сабақты мал азығын дайындау және қауіпсіздікті сақтау

***Айыртау ауданы аумағында ыстық әрі құрғақ ауа райының қалыптасуына байланысты өрт шығу қаупі айтарлықтай артып отыр. Мұндай кезеңде ірі сабақты мал азығын дайындау мен сақтау жұмыстары ерекше сақтықты талап етеді. Ақауы бар техниканың ұшқыны, толық сөндірілмеген темекі тұқылы немесе ашық оттың салдарынан санаулы минуттың ішінде шөп қоры жанып, ауыл шаруашылығы техникасы жойылып, елді мекендерге қауіп төнуі мүмкін.***

Осыған байланысты Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі ірі сабақты мал азығын дайындау және сақтау кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға шақырады.

Өрт қауіпсіздігінің негізгі талаптары:

* тек толық кептірілген шөпті ғана дайындап, сақтаңыз;

* маялар мен шөмелелерді құрғақ шөптен және қоқыстан тазартылған арнайы алаңдарға орналастырыңыз;

* ғимараттар, автомобиль жолдары және электр беру желілері арасындағы өртке қарсы арақашықтықты сақтаңыз;

* жем-шөп сақталатын орындарға өрт сөндіру техникасының кедергісіз жетуіне жағдай жасаңыз;

* сақтау орындарының маңында темекі шегуге, от жағуға және отпен байланысты жұмыстарды жүргізуге жол бермеңіз;

* ауыл шаруашылығы техникасы жарамды күйде болып, ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс;

* техниканы құрғақ өсімдік қалдықтарынан, шаңнан және сабаннан уақтылы тазартып отырыңыз;

* жем-шөп сақтау орындарын су қорымен, бастапқы өрт сөндіру құралдарымен және қажетті өртке қарсы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіңіз.



Құрметті Айыртау ауданының тұрғындары!

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жиналған өнімді, ауыл шаруашылығы техникасын, мүлікті және ең бастысы, адам өмірін сақтаудың басты кепілі. Өрттің шығуына себеп болуы мүмкін әрекеттерге жол бермеңіздер.

Өрт немесе тұтану жағдайы анықталған кезде дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласыңыз.

Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі әрбір тұрғынды жауапкершілік танытып, өрт қаупі жоғары кезеңде өрт қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтауға шақырады.